

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ:

I кезең
2024-2025 жж



- Іс-шаралар жоспарына сәйкес мектепті дамытудың негізгі бағыттарына жағдай жасау және іске асыруды бастау;
- Мектепті дамыту Бағдарламасын іске асыруды ресурстық қамтамасыз ету;
- Мектепті дамытудың негізгі бағыттарын іске асырудың аралық нәтижелеріне сараптама ұйымдастыру;
- "Дарынды балалар", "тәрбие", "ақпараттандыру", "Педагогикалық шығармашылық" кешенді-мақсатты бағдарламаларын әзірлеу;
- Жұмыс оқу жоспарын әзірлеу, бейін аяғындағы және бейіндік оқытудың құрылымы мен мазмұнын пысықтау; оңтайлы нұсқаны анықтау;
- Бейіндік сыныптарда жұмыс істейтін оқытушылардың біліктілік деңгейін арттыру;
- «Пәнаралық оқыту» жобасын іске асырудағы қаламдарды белгілеу;
- Пәнаралық оқыту тренді бойынша оқыту семинарлары мен коучингтер ұйымдастыру;
- Пәнаралық оқыту трендін ұйымдастыру мақсатында 8,10 сыныптарға енгізу (66) 13%;
- 2,3 сыныптарда геймификация оқыту түрін енгізу (93) 18%;
- «Жас маман» мектебінің жұмысын жаңашаландыру;
- Мектеп командасын құру, рольдерді бөлу (10 педагог) 13%;
- Цифрлық платформаларды ыңғайту аясында біліктілікті арттыру курстарының перспективті жоспарын әзірлеу;
- Үздік мұғалімдерді ынталандыру нысандарын қарастыру (демеушілік);
- Денсаулық сақтау іс-шараларын іске асыру және орындау, оқушылар мен ата-аналар арасында салауатты өмір салты құндылықтарын насихаттау (біріккен спорттық іс-шаралар, түрлі бағыттағы мамандармен кездесулер және т. б. өткізу арқылы);
- Мектеп оқушыларын үйірме (270) 54 %, секция (300) 60% жұмыстарына тарту: Үйірмелер: «Умелые ручки», «Жас құрастырушы», «Funny English», «Үшқыр ой аланы», «Жас құтқарушы», «Жас сұл өсірушілер», «Сырлы саз», «Жас каламгер», «Бала және театр», «Өлкетану», «Жас домбырашылар», «Арт талант», «Жас блогер». Секциялар: «Волейбол», «Баскетбол», «Минифутбол», «Шашки», «Шахмат», «Асық ату», «Бес тас», «Жеңіл атлетика», «Шаңғы», «Мылтық ату»;
- Педагогтердің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- Пәндерді зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін, бағалау критерийлерін және пәндер бойынша оларға қол жеткізу деңгейлерін есептеуді қамтитын критериалды бағалау моделін зерттеу;
- Материалдық техникалық базаны жаңарту: («Қазақстан халқына» қоры негізіне)

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ:

II кезең
2024-2027 жж



- Мектепті дамыту бағдарламасының негізгі бағыттары бойынша ұйымдастырушылық іс-шаралар жоспарын іске асыруды аяқтау;
- Мектеп педагогтарының білім беру процесінде оқыту мен тәрбиелеудің акпараттық-коммуникациялық технологияларын іске асыруы;
- Мектеп педагогтарының педагогикалық бастамалары мен инновациялық қызметін қолдау және ынталандыру;
- Дарынды балалар мен дарынды жастарды қолдауды дамыту;
- Білім беру мекемесінің даму Бағдарламасын іске асыру бойынша мектептің педагогикалық ұжымы қызметінің нәтижелерін талдау;
- Білім беру процесінің барлық қатысушыларымен пәнаралық оқытудың тиімділігін бағалау;
- Мектеп педагогтарының, оқушылардың, ата-аналардың қатысуымен конференция өткізу;
- Қоғамдастық жұмысқа мектеп мұғалімдерін қосу;
- Үйірмелер мен секцияларға қатысатын оқушылардың нәтижелерін талдау;
- Мектеп педагогтарының кәсіби шеберлігінің нәтижесіне талдау;
- Даму бағдарламасын іске асыру бойынша мектеп қызметінің нәтижелерін сыртқы сараптамаға ұсыну, даму бағдарламасын іске асыру нәтижелері бойынша мектеп ұжымының шығармашылық жария есептері;
- Білім беру процесінің барлық қатысушыларымен бейіндік оқытудың тиімділігін бағалау; мектеп педагогтарының, оқушылардың, ата-аналардың қатысуымен конференция;
- Интерактивті оқыту формаларын педагогтарының практикалық қызметіне енгізу;
- Даму бағдарламасын іске асыру нәтижелерін талдау және сипаттау;
- Білім беру ортасы шеңберінде даму бағдарламасын іске асыру туралы есептер;